

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№5 ХАТТАМАСЫ**

28 тамыз 2017 жыл

Алматы қ.

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) мүшелері:

- 1) Сейпульник Евгений Валерьевич, Кеңес Төрағасы;
- 2) Донских Алевтина Александровна, Кеңес төрағасының орынбасары;
- 3) Алехова Александра Александровна;
- 4) Алтынбекова Гүлсара Асылбекқызы;
- 5) Атоянц Базилина Геннадиевна;
- 6) Ахшабаева Наталья Тохтарқызы;
- 7) Байтеев Алексей Николаевич;
- 8) Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы;
- 9) Домбай Қуат Есімғалиұлы;
- 10) Кожухова Светлана Владимировна;
- 11) Своик Петр Владимирович;
- 12) Тәжібекова Жұмагүл Қуатбекқызы (бірінші мәселе бойынша дауыс беру кезінде болмады).

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Егеубаева Сауле Аскарровна, БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2) Өтеғұлов Мәулен Амангелдіұлы, БЖЗҚ басқарушы директоры;
- 3) Бақтыбаев Назым Әбдухалимұлы, Заң департаментінің директоры;
- 4) Ақмаева Марина Абрахманқызы, БЖЗҚ БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы,

Кеңес хатшысы.

Отырысты өткізу басында Кеңестің 22 мүшесінің 11-і (50 %) қатысты. Кеңес туралы Ереженің 38-тармағында айқындалған отырыс кворумы бар. Күн тәртібіндегі бірінші мәселені қарау барысында отырыс жұмысына ҚК мүшесі Жұмагүл Тәжібекова қосылды. Осылайша, бірінші мәселе аясында бірінші шешім бойынша дауыс беруге 11 адам, екінші шешім бойынша 12 адам қатысты. Бұдан әрі дауыс беруге Кеңестің жаңа мүшесі А. Ф. Моисееваның дауысын ескере отырып, 13 адам қатысты.

Отырысты күн тәртібі жобасымен таныстыра отырып, Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник ашты.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қоғамдық кеңестің құрамын талқылау. Жаңа мүшелерді қабылдау. Кеңес коммуникациялары жөніндегі топ жұмысының мәселелерін талқылау.
2. Қоғамдық кеңестің «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы активтері портфеліндегі проблемалы активтер бойынша борыштарды өндіріп алу мәселелері бойынша жәрдем көрсетуі.
3. Қоғамдық кеңесте дауыс беруді өткізу тәртібі туралы Нұсқаулықты талқылау және қабылдау.
4. Әртүрлі

ҚАРАЛДЫ

Отырыстың күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник сөз сөйледі, ол отырыстарға қатысу барлық мүшелер үшін міндетті болып табылатынын, өйткені Кеңестің шешім қабылдау процесі осыған байланысты екенін атап өтті. Кеңес хатшысы ұсынған отырыстарға қатысу туралы ақпаратты талдай отырып, ҚК төрағасы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес туралы Ереженің 25-тармағында көзделгендей, отырыстарды екі реттен артық өткізіп алған мүшелерді алып тастауды ұсынды. Отырыстарды өткізіп жібергені үшін Кеңестің келесі мүшелерін алып тастау туралы ұсыныс жасалды:

Қасымбергебаев Бауыржан Тілеубергенұлы,

Тұрсынбаев Әділғазы Абылғазыұлы,

Якупбаева Юлия Константиновна.

Кеңестің көптеген мүшелері (Домбай К.Е., Кожухова С. В. және т. б.) тәртіп мәселесі шешілуі тиіс деген пікір білдірді, өйткені отырыста мүшелердің болмауы кворум жинауға, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға және шешімдер қабылдауға мүмкіндік бермейді. Кеңестің үш мүшесін алып тастау туралы ұсыныс қолдау тапты, бұл қалғандарына ескерту болуы керек.

Мәселе дауыс беруге шығарылды. Кеңестің 11 мүшесі дауыс берді.

«Қолдағандар» - 11,

«Қарсы», «Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан».

БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңеске кіруге екі жаңа үміткер қаралды. Олар «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының төрағасы Еренғайып Шайхутдинов және оның орынбасары Алевтина Моисеева. Екі кандидатураны «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының президенті Олжас Сүлейменов «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы мен БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңеске жолдаған хатында ұсынды. Алевтина Моисеева қатысып, өзінің еңбек өмірбаяны туралы айтты. Еренғайып Шайхутдинов науқасы бойынша болмаған, оған Кеңес мүшесі Гүлсара Алтынбекова үлкен кәсіпқой және белсенді азаматтық ұстанымы бар адам ретінде мінездеме берді.

Жаңа мүшелерді қабылдау туралы мәселе дауыс беруге шығарылды. Кеңестің 12 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 10.

«Қалыс қарғандар» – 2.

«Қарсы» - 0.

Дауыс беру қорытындысы бойынша көпшілік дауыспен (83%) Еренғайып Шайхутдинов пен Алевтина Моисеева Кеңес құрамына қабылданды. Осылайша, қазір БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің құрамына 21 адам кіреді.

Отырысқа Кеңестің 13 мүшесі қатысады және дауыс береді.

Кеңестің жұмыс мәселелерін талқылау шеңберінде ҚК коммуникациялары жөніндегі топтың жұмысы туралы пікірлер айтылды.

Кеңес төрағасының орынбасары Алевтина Донских Кеңес атынан жұртшылықпен байланыс форматын анықтап, өткір мәселелерге ден қою тетігін әзірлеу қажет екенін атап өтті. Оны Петр Своик қолдап, жұмыс тобы Кеңес берген барлық нәрсені қамтуы керек деген пікір білдірді. Сонымен қатар Қуат Домбай БЖЗҚ баспасөз қызметінің әрекетін қайталамауды және қосымша ақпараттық хабарламалар шығармауды ұсынды, өйткені кеңестің және оның әрбір мүшесінің қызметі жұртшылықпен коммуникация болып табылады. БЖЗҚ баспасөз қызметіне Кеңес мүшелеріне ақпараттық алаңға мониторинг жүргізуді және мүмкіндігінше өздерінің PR-белсенділік жоспарларын ұсыну туралы ұсыныс жасалды.

Кеңес мүшесі Алексей Байтеев топ мүшелеріне жұмыс тәртібінде оның қызметі туралы өз пікірін білдіруді ұсынды. Сонымен қатар, жұмыс тобының мүшелері Алексей Байтеевтің кандидатурасын оның жетекшісі ретінде ұсынды.

А.Байтеевті Кеңестің коммуникациялар жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі етіп сайлау туралы мәселе дауысқа салынды. Кеңестің 12 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 11.

«Қалыс қалған» – 1.

«Қарсы» - 0.

А.Байтеев дауыс берген жоқ.

Дауыс беру қорытындысы бойынша көпшілік дауыспен (84,6%) Алексей Байтеев Кеңестің коммуникациялар жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі болып сайланды. Ол өз кезегінде топ мүшелеріне қарым-қатынас туралы көзқарасын ұсыну туралы ұсынысын қайталады.

Отырыстың күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры Мәулен Өтеғұлов Кеңеске Қордың проблемалық активтермен жұмысы туралы кеңейтілген ақпарат беріп сөз сөйледі. Атап айтқанда, БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінде стандартты да, проблемалық та активтер («уытты» немесе дефолт деп аталатын) жинақталғаны атап өтілді. Активтердің берілуі сәтінде, 2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша проблемалық активтердің жалпы сомасы номиналды құны бойынша 161,5 млрд.теңгені немесе зейнетақы активтерінің 4,4% - ын құрады. Эмитенттер саны – 32 компания. 2017 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ жүргізген жұмыстың нәтижесінде проблемалық активтердің жалпы сомасы 40,5 млрд.теңгеге дейін азайды, бұл бүгінде зейнетақы активтерінің 0,6%-дан азын құрайды, ал проблемалы эмитенттердің саны 32-ден 19 компанияға қысқарды, ал 2 жаңа компанияның қосылуын ескере отырып, жалпы саны 21 эмитентті құрады.

Сондай-ақ, М.Өтеғұлов БЖЗҚ-ның әрбір проблемалық эмитентпен зейнетақы активтерін қайтару бойынша жүргізген және жүргізіп жатқан жұмысы туралы айтып берді. (Толығырақ 2017 жылғы 28 тамызда БЖЗҚ жанындағы БЖЗҚ проблемалық активтері бойынша борыштарды өндіріп алу жөніндегі Қоғамдық кеңестегі баяндаманы қараңыз).

ҚК мүшесі Александра Алехова дефолтты компаниялар мен олардың акционерлері мен басқарушыларына ғана емес, сондай-ақ осы компаниялардың бағалы қағаздарын сатып алған ЖЗҚ-ға қатысты шаралар қабылдана ма деген сұрақ қойды. Жекелеген зейнетақы қорлары да, ЖЗҚ-ның жай-күйі туралы қорытынды берген аудиторлық компаниялар да, зейнетақы активтерінің портфеліне құралдары сатып алынған компаниялар да тексерілетін болады деген жауап алынды.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры берешекті азаматтық тәртіппен өндіріп алудың барлық әдістері таусылған жағдайда, Қор проблемалық эмитенттер мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметін компанияларды төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу тұрғысына тексеруді жүзеге асыру мақсатында тиісті өтінішпен құқық қорғау органдарына жүгіну туралы шешім қабылданғанына сендірді. Қор прокуратура органдарына және аумақтық мемлекеттік кірістер департаменттерінің Экономикалық тергеу қызметіне 16 эмитент бойынша өтініш жіберді.

БЖЗҚ зейнетақы активтеріне Қазақстан Республикасының аумағында ғана емес, одан тыс жерлерде де залал келтіруге қатысы бар барлық тұлғаларға қатысты сот шешімдерінің шығарылуына қол жеткізетін болады.

Кеңес мүшесі Петр Своик Кеңес атынан Қоғамдық кеңестің Қор жүргізген жұмысты қолдайтындығы және зейнетақы активтері есебінен дефолттық компаниялардың бағалы қағаздарын сатып алуға қатысы бар барлық адамдарды жауапкершілікке тарта отырып,

басталған істі соңына дейін жеткізуді талап ететіндігі туралы Жеке мәлімдемесін қабылдауды ұсынды.

Екінші мәселе бойынша келесі шешімдерді дауыс беруге шығару ұсынылды:

- проблемалық активтермен жұмыс туралы «БЖЗҚ» АҚ ақпаратын назарға алу;
- Қорға қарыздарды өндіріп алу бойынша, оның ішінде қоғамдық резонанс тудыру және проблемалық мәселелерге қоғамның назарын аудару түріндегі қолдау және жәрдем көрсету;
- БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес атынан проблемалық эмитенттерге қатысты шаралар қабылдау мәселелері бойынша уәкілетті органдарға өтініш жолдансын.

Мәселе дауыс беруге шығарылды. Кеңестің 13 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 13.

«Қарсы» – 0.

Дауыс беру қорытындысы бойынша отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен (100%) «БЖЗҚ» АҚ баяндамасын назарға алу, қоғамдық резонанс тудыру және уәкілетті органдарға жүгіну арқылы Қорға жәрдемдесу және қолдау көрсету туралы шешім қабылданды.

Отырыстың күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник Кеңестің мүшелеріне бұрын жіберілген Қоғамдық Кеңес туралы Ереженің 38-тармағына сәйкес дауыс беруді өткізу тәртібі туралы Нұсқаулықты бекітуді ұсынды, ол Ережеге қосымша болып табылады және сырттай дауыс беруді өткізуге мүмкіндік береді, бұл шешім қабылдаудың жеделдігіне оң әсер етеді.

Мәселе дауыс беруге шығарылды. Кеңестің 13 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 13.

«Қарсы» – 0.

Дауыс беру қорытындысы бойынша отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен (100%) дауыс беруді өткізу тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілді (қоса беріліп отыр).

Отырыстың күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

ҚК төрағасы Евгений Сейпульник Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышевпен кездесу өткізгені туралы хабарлады, онда ҚРҰБ төрағасын Қоғамдық кеңестің жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар пакетін әзірлейтіндігі туралы хабардар етті. Ұсыныстар сегіз блогтан тұратын сұрақтардан құралған, олардың бесеуі БЖЗҚ-да талқыланып, қаралды. Мәселелердің қалған үш блогы бойынша Ұлттық банк өкілдерімен бірлесіп пысықтау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Сонымен қатар, бағалы қағаздары зейнетақы активтерінің портфелінде тұрған эмитенттермен жұмысты бастау ұсынылды. Атап айтқанда, жекелеген компаниялардың өкілдерін Қоғамдық Кеңестің отырыстарына шақыру, сондай-ақ Қазақстан қор биржасы (KASE) өткізетін Эмитент күндеріне қатысу.

Дауыс беруге мыналар шығарылды:

ҚК төрағасының ақпараты назарға алынсын, БЖЗҚ және ҚР Ұлттық банкі өкілдерімен бірлесіп жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі ұсыныстар бойынша жұмыс жалғастырылсын;

отырысқа қаржы құралдары БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелінде тұрған компаниялардың өкілдерін шақыру, мүмкіндігінше Эмитент күндеріне қатысу.

Кеңестің 13 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 13.

«Қарсы» – 0.

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.

ШЕШТІ

Отырыстың күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

1.1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес туралы Ереженің 25-тармағына сәйкес екі және одан да көп отырыстарда болмаған жағдайда кеңес мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату мүмкіндігі бөлігінде отырыстарды өткізіп жібергені үшін Кеңестің келесі мүшелері шығарылсын:

- 1) Қасымбергбаев Бауыржан Тілеубергенұлы,
- 2) Тұрсынбаев Әділғазы Абылғазыұлы,
- 3) Якупбаева Юлия Константиновна.

1.2. Кеңестің жаңа мүшелері «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының төрағасы Еренғайып Шайхутдинов пен оның орынбасары Алевтина Моисеева қабылдансын.

1.3. Алексей Байтеев Кеңестің коммуникациялар жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі болып сайлансын.

Отырыстың күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

2.1. «БЖЗҚ» АҚ-ның проблемалық активтермен жұмыс туралы ақпараты назарға алынсын;

2.2. Қорға қарыздарды өндіріп алу бойынша, оның ішінде қоғамдық резонанс тудыру және проблемалық мәселелерге қоғамның назарын аудару түрінде қолдау және жәрдем көрсетілсін;

2.3. БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес атынан проблемалық эмитенттерге қатысты шаралар қабылдау мәселелері бойынша уәкілетті органдарға өтініш жолдансын.

Отырыстың күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

Ережеге қосымша болып табылатын Қоғамдық Кеңес туралы Ереженің 38-тармағына сәйкес дауыс беруді өткізу тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

Отырыстың күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

4.1. БЖЗҚ және ҚР Ұлттық банкі өкілдерімен бірлесіп жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі ұсыныстар бойынша жұмыс жалғастырылсын.

4.2. Кеңес отырысына қаржы құралдары БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелінде тұрған компаниялардың өкілдерін шақыру және Қазақстан қор биржасының эмитенттерімен жұмыс істеу жөніндегі іс-шараларына қатысу мүмкіндігі қарастырылсын.

Күн тәртібінен тыс

Келесі отырыс күні жұмыс барысында тағайындалсын.

Кеңес төрағасы Е. Сейпульник

Кеңес хатшысы М. Акмаева